

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық бағынысындағы ұйымдардың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 22 қыркүйек N 1433

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Орталық госпиталі" мемлекеттік мекемесі:

1) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Орталық госпиталі" филиалының (Астана қаласы) мүлкін бөлу жолымен және осы мүлікті оған бере отырып, "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің емханалық орталық госпиталі" мемлекеттік мекемесін (бұдан әрі - Мекеме) (Астана қаласы) құру;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Қазақстан санаторийі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Қазақстан" емдеу кешені" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі - Кәсіпорын) (Алматы қаласы) қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні - қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары мен ішкі әскерлердің зейнеткерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне және басқа да азаматтарға аурудың алдын алу, диагностика, емдеу және денсаулығын оңалту бойынша медициналық, дәрігерлік қызмет көрсетуді жүзеге асыру болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бір ай мерзімде заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеме мен Кәсіпорынның құрылтай құжаттарын бекітсін және олардың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігін "Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін емдеу" бағдарламасы бойынша қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "2000 - 2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 912 P000912\_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ - ы, 2000 ж., N 27, 312 - құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 2000-2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесіндегі "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" деген бөлім және реттік нөмірлері 49, 50, 51, 52 - ж о л д а р а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*